



## КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚ / ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЕ И СЕМЕЙНОЕ ПРАВО / BUSINESS LAW AND FAMILY LAW

УДК 346 МРНТИ 10.23.01

**Алмаз Жақсыбекұлы Сыздықов**  
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: 7171160@prokuror.kz

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫ: ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

**Аннотация.** Бұл Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік институтының қалыптасуы туралы нормативтік-құқықтық хронологияны жүргізуге талпынған, ғылыми шолу мақаласы болып табылады. Кәсіпкерлік құқығы бойынша еңбектерді талдау негізінде, кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жіктеу келтірілген. Автормен кәсіпкерлік қызметінің даму кезеңдері ашылған. Кәсіпкерлік институты қалыптасуының не бары бес кезеңі анықталған. Шолу жасау кезінде кәсіпкерлік институтының дамуына елеулі рөл атқарған, өзекті нормативтік құқықтық актілеріне сілтеме жасалған. Мақалада Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылдануының, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілерін қорғауға бағытталған органдар мен ұйымдардың қызметінің маңызы мен рөлі көрсетілген. Автор кәсіпкерлік институты дамуы жетілуінің жаңа кезеңіне алып келетін келесі сценарийді ұсынып отыр.

**Түйінді сөздер:** мүлік, инвестиция, нормативтік құқықтық актілер, кәсіпкер, кәсіпкерлік, қаржы жүйесі, шаруашылық қызмет.

**Сыздықов Алмаз Жаксыбекович**  
Академия правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан  
г. Нур-Султан, Республика Казахстан, e-mail: 7171160@prokuror.kz

### ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО КАЗАХСТАНА О ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВЕ: ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ

**Аннотация.** Данная научная статья является обзорной, в ней предпринята попытка проведения нормативно-правовой хронологии становления института предпринимательства в Республике Казахстан. На основе анализа трудов по предпринимательскому праву приведена классификация нормативных правовых актов в сфере предпринимательства. Автором раскрыты этапы развития предпринимательской деятельности. Всего определено пять этапов становления института предпринимательства. При проведении обзора сделаны акценты на ключевые нормативные правовые акты, сыгравшие решающую роль в развитии института предпринимательства. В статье отражена роль и значение принятия Предпринимательского кодекса Республики Казахстан, а также органов и организации, деятельность которых направлена на защиту субъектов предпринимательства. Автором предложен дальнейший сценарий развития института предпринимательства, что послужило бы новым этапом его совершенствования.

**Ключевые слова:** имущество, инвестиция, нормативные правовые акты, предприниматель, предпринимательство, финансовая система, хозяйственная деятельность.

**Syzdykov Almaz Zhaksybekovich**  
The Academy of Law Enforcement Agencies under the Prosecutor General's Office  
of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan c., the Republic of Kazakhstan,  
e-mail: 7171160@prokuror.kz

### LEGISLATION OF KAZAKHSTAN ON ENTREPRENEURSHIP: STAGES OF FORMATION

**Abstract.** This scientific article is a review; it attempts to conduct a regulatory chronology of the establishment of the institution of entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan. Based on the analysis of researches related to business law, the classification of regulatory legal acts in the field of entrepreneurship has been given by the author. He also gives his personal vision of the development of

the entrepreneurship institution dividing into stages. The author identifies five stages of establishment of the entrepreneurship institution. During the review, the researcher emphasizes the key regulatory legal acts that plays a decisive role in the development of the entrepreneurship institution. The article reflects the role and significance of the adoption of the Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan as well as organizations aimed at protecting business entities.

The author offers his vision of the further development of the institution of entrepreneurship that can be a new stage in its improvement.

**Keywords:** property, investment, regulatory legal acts, entrepreneur, entrepreneurship, financial system, economic activity.

Мақаланың негізгі тақырыбын ашқанға дейін «кәсіпкерлік» терминінің пайда болу кезеңіне қысқаша тоқталғым келеді. «Кәсіпкерлік» ұғымын алғаш рет XVII-XVIII ғғ. аяғында ағылшын экономисті Ричард Кантильон қолданды. Оған сәйкес кәсіпкер – бұл тәуекел жағдайында әрекет ететін адам [1]. Кейін XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басындағы француз экономисті Ж.Б. Сей кәсіпкерлік қызмет анықтамасын жер, капитал, еңбек сияқты өндірістің үш классикалық факторларын біріктіру, қосу ретінде айқындауды қалыптастырды [2, 58 б.]. Қазақстан заңнамасында кәсіпкерлік ұғымы алғаш рет 1993 жылы «Қазақстан Республикасындағы шаруашылық қызметінің бостандығы және кәсіпкерлікті дамыту туралы» заңында пайда болды және осы қызметке қатысушылардың барлығына өзара тиімді нәтижелер мен табыс алу мақсатында жеке, қарыз және басқа да қаражат пен мүлік есебінен жасалатын бастамашылық шаруашылық қызметі ретінде болды. Осы анықтамалардан көрініп тұрғандай, тәуекел факторлары мен бастамашылық қызметтерін ескере отырып, кәсіпкерлік әрдайым жаңалықтар енгізумен байланысты, бұл жалпы қоғам мен мемлекеттің дамуына оң әсер етуі тиіс.

Кәсіпкерлік қызметті дамытудың барлық кезеңдерінде мемлекет саясаты, халықаралық нормативтік құқықтық актілер мен шарттардың бағдарламалық ережелері негізінде құрылды. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Бас Ассамблеясы 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 22-бабы «... әрбір адам қоғамның мүшесі ретінде, өзінің қадір-қасиетін қолдау үшін және жеке басын еркін дамыту үшін, оның ішінде экономикалық салада

қажетті құқықтарды жүзеге асыруға құқылы...» екенін айқындайды [3].

Қазақстан қатысушысы болып табылатын көпжақты шарттардың арасынан, сатып алу-сату туралы материалдық-құқықтық нормалардың халықаралық бірізділігін білдіретін, 1980 жылғы тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарты туралы БҰҰ Конвенциясын [4] және «Мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу тәртібі туралы» 1965 жылғы Вашингтон конвенциясын [5], оған сәйкес құрылған инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықты және басқаларын атауға болады.

А.И. Худяков өзінің 1996 жылғы «Кәсіпкерлік және құқық» атты нормативтік құқықтық актілер жинағында, кәсіпкерлік саласындағы құқықтық актілердің келесі жіктемесін береді:

- құқықтық актілердің 1-тобы кәсіпкерлік қызметтің құқықтық реттелуінің жалпы мәселелерін регламенттейді;
- актілердің 2 тобы заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын анықтайды;
- 3 топ кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін құқықтық реттеуді жүзеге асырады;
- 4 топ Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін анықтайды [6, Б.3-4].

Бірінші топқа «Қазақ ССР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы», «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы», «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» заңдарды, Заң күші бар «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы», «Банкрот туралы» ҚР Президентінің жарлықтарын және т.б. жатқызуға болады.

Екіншісі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың ұйымдасты-



рушылық-құқықтық нысандарының ерекшеліктеріне арналған нормативтік актілерден тұрады.

Үшіншісіне кәсіпкерлік қызметтің жеке-леген түрлерін реттейтін нормативтік актілер («Сақтандыру туралы», «Жер туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Мұнай туралы», «Нотариат туралы» және т.б.) жатады.

Төртінші топқа елдің қаржы жүйесі саласындағы мәселелерді реттейтін заңдар жатқызылған.

Бұл актілер кәсіпкерлік қызметтің түрлері мен ұйымдастырушылық-құқықтық бағытына қарамастан, оның заңды негізі ретінде әрекет етеді.

Әрбір нормативтік құқықтық актінің кәсіпкерлік қызметті дамытудағы және оның қалыптасу кезеңдерін құрудағы мәнін жан-жақты қарастырайық.

Бірінші кезеңде кәсіпкерлік қызмет субъектілері қызметінің құқықтық негізі құрылады, ол ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастау алады. Бұл кезеңде шаруашылық қызмет субъектілері ретінде азаматтар мен заңды тұлғалардың жеке қызметін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін анықтаған КСРО «Жеке еңбек қызметі туралы» (1986 ж.) және «КСРО-дағы кооперация туралы» (1988 ж.) заңдары қабылданды.

Өте маңызды міндет ретінде – кәсіпорындарды, бірлестіктерді, өндірістік кооперативтерді және басқа да ұйымдарды валюталық өзін-өзі ақтау қағидаттары негізінде сыртқы экономикалық қызметтің әр түрлі нысандарына белсенді қосу үшін қажетті жағдайлар жасау, социалистік іскерлікті дамыту анықталды [7, 23б.].

Алғаш рет, 1990 жылғы 11 желтоқсандағы «Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметінің бостандығы және кәсіпкерлікті дамыту туралы» ҚазКСР Заңымен ҚазКСР азаматтары мен өзге де тұлғалар үшін олардың меншік және кәсіпкерлік құқықтарын жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік қызметтің еркіндігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктер белгіленген.

Кәсіпкерлер өз бастамасы бойынша шешімдер қабылдауға және заңды негіздерде бар өздерінің иелігіндегі мүлкті

пайдалану бойынша кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы болды. Кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі заңмен ғана шектелді.

Сондай-ақ, алғаш рет кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық нысандары (кәсіпорындар, шаруашылық серіктестіктер, қорлар және өзге де қоғамдық ұйымдар, жеке кәсіпкерлік) бекітілді.

Мемлекет кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан, тең құқықтарға кепілдік берді. Кәсіпкер қызметіне араласуға ҚазКСР заңнамасымен қарастырылғандардан басқа жағдайларға жол берілген жоқ.

Еркін бәсекелестікті, кәсіпкерлікті ынталандыру және тұтынушылардың мүдделерін қорғау мақсатында 1991 жылғы 11 маусымда «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» ҚазКСР Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңы Жеке кәсіпкерлікті қорғаудың негізгі нысандары мен тәсілдерін анықтады, мемлекеттің жеке кәсіпкерлік қызметке тікелей араласудан бас тарту саясатын, жеке кәсіпкерлердің барынша еркіндігін, коммерциялық құпияны қорғауды және мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жеке кәсіпкерлердің құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік бекітті.

Қазақстанда алғаш рет заңды түрде жеке кәсіпкерлікке ұғым берілді – бұл азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың табыс табуға бағытталған, азаматтардың өздерінің немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіне негізделген және азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың атынан олардың тәуекелі үшін және мүлктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі [7, 11б.].

Ұлттық заңнама жүйесінің қалыптасуында азаматтық заңнаманы кодификациялау маңызды рөл атқарды. 1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі қабылданды, ол жеке-құқықтық қатынастарды, оның ішінде кәсіпкерлік қатынастарды реттеу

саласындағы негізгі арнайы нормативтік акт болып табылады. Азаматтық кодекстің нормалары бүкіл кәсіпкерлік құқықтың өзегін анықтады.

Заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық нысандарының ерекшеліктерін, құрылтай құжаттарының, жарғылық капиталдың мазмұнын, құқықтық қабілеттілігін, қызметін құру және тоқтату тәртібін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы «Мемлекеттік кәсіпорын туралы»; 1995 жылғы 2 мамырдағы «Шаруашылық серіктестіктер туралы»; 1995 жылғы 5 қазандағы «Өндірістік кооператив туралы» Заң күші бар Жарлықтары бекітілді. Сондай-ақ, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін реттейтін құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы «Сақтандыру туралы», 1995 жылғы 22 желтоқсандағы «Жер туралы», 1996 жылғы 27 қаңтардағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», 1995 жылғы 28 маусымдағы «Мұнай туралы» Заң күші бар Жарлықтары, 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының заңдары қабылданды.

Қазақстанның қаржы саласы мәселелерін реттеу мақсатында «Валюталық реттеу туралы» (24.12.1996 ж.); «Мемлекеттік баж туралы» (31.12.1996 ж.); «Ақша төлемі мен аударымы туралы» (29.06.1998 ж.); «Бағалы қағаздар нарығы туралы» (5.03.1997 ж.); «ҚР бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы» (5.03.1997 ж.); «Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» (28.04.1997 ж.); «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» (ҚР Президентінің 30.03.1995 ж. Жарлығы); «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» (28.02.1997 ж.); «Сыртқы қарыз алу және сыртқы борышты басқару туралы» (10.04.1997 ж.) заңдар қабылданды.

Осылайша, зерттеліп отырған кезең Қазақстан Республикасында тұтастай алғанда тәуелсіз және егеменді мемлекеттің мүлдем жаңа заңнамалық жүйесін және атап айтқанда кәсіпкерлік құқықтық институтын құру жөніндегі

нарықтық қатынастарды дамытудың алғашқы кезеңін білдіреді.

Кәсіпкерлік заңнаманы дамытудың екінші кезеңінің басталуына Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы және «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы заңдары ықпал етті.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңы азаматтардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне конституциялық құқықтарын іске асыруға, жеке кәсіпкерлік үшін мемлекеттік кепілдіктер жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Жеке кәсіпкерлік деп азаматтардың табыс табуға бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген және олардың тәуекелі мен мүлдікті жауапкершілігі үшін азаматтардың атынан жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі түсіндірілді. [8]

Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған келесі құқықтық акт 1997 жылғы 19 маусымда қабылданған «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңы болып табылады.

Аталған Заң шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаларын бекітті, атап айтқанда Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы; шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі; шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының қолжетімділігі және шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін жүзеге асырылатын шаралар; шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық және т.б. [9]

Кәсіпкерлік қатынастарды дамытуға оң әсер еткен заңнамалық акт ретінде «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңын жатқызуға болады, онда мынадай негізгі міндеттер айқындалған: жаңа технологияларды, озық техниканы және ноу-хауды енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен және қызметтермен толықтыру; отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау және ынталандыру; экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту; жаңа жұмыс орындарын құру; қоршаған табиғи ортаны жақсарту және т.б. [10]



Осы актіге сәйкес экономиканың басым секторларында (оның ішінде инвестициялық салық преференциялары, кедендік төлемдерді төлеуден босату, заттай гранттар беру) инвестициялауды жүзеге асыру кезінде елеулі преференциялар мен жеңілдіктер берілді.

Мемлекет дамуы басым болып табылатын экономика секторларын және осы жағдайда берілетін ынталандыру мен қолдау шараларын айқындады. Осының барлығы кәсіпкерлерді жандандырып, экономиканың дамуына ықпал етті.

Сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуымен Кәсіпкерлік қызметті «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Заңы белгілі бір шамада ынталандырды, онда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау шаралары ретінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алуды ұйымдастыру үшін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алу кезінде жалпы көлемнің 10-ға дейінгі көлемін міндетті түрде резервтеу бекітілді (25-2-баптың 1-тармағы).

Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі және «Акционерлік қоғамдар туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі; «Шаруа (фермер) қожалығы туралы» 1998 жылғы 31 наурыздағы заңдарына сәйкес заңды тұлғалардың жаңа ұйымдастырылушылық құқықтық нысандары пайда болды.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған нормативтік құқықтық актілерге «Тұтыну кооперативі туралы» (2001 жылғы 8 мамыр) және «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» (2004 жылғы 8 сәуір) Қазақстан Республикасының заңдарын жатқызуға болады.

Осы кезеңде отандық тауар өндірушілерді қолдайтын құқықтық актілер қабылданды, бұл «Субсидиялар және өтем шаралары туралы» (1999 жылғы 16 шілде), «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» (2001 жылғы 19 қаңтар) және «Мемлекеттік сатып алу туралы» (2002 жылғы 16 мамыр) заңдар.

Сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің жекелеген жаңа түрлерін реттейтін құқықтық актілер қабылданды, олар: «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» ҚР Заңы (30 қараша 2000 ж.), «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңы (18 желтоқсан 2000 ж.), «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы (16 шілде 2001 ж.), «Инвестициялар туралы» ҚР Заңы (8 қаңтар 2003 ж.), «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңы (2 шілде 2003 ж.), «Сауда қызметін реттеу туралы» 2005 ж.), «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңы (7 шілде 2006 ж.).

Үшінші кезең кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормаларды жүйелендіріп, оларды бірыңғай заңнамалық актіде біріктірген 2006 жылғы 31 қаңтардағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңы қолданысқа енгізілгеннен басталады. Талдау көрсетіп отырғандай, осы заңды қабылдау жеке кәсіпкерлік қызмет саласында бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын субъектілерді 34-тен 28-ге дейін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді, ал олардың қызметін әлдеқайда ашық етті.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту мақсатында Үкімет осы саладағы тиісті заңнамалық база мен институттарды құру жөнінде үлкен жұмыс атқарды.

2006 жылы «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды, нәтижесінде мемлекеттік меншік объектілерін құру құқығын шетелдік инвесторларға ғана емес, сондай-ақ заңды тұлғаларға – Қазақстан Республикасының резиденттеріне беру мүмкіндігі пайда болды.

Заңмен концессияның құқықтық шарттары, концессионерді мемлекеттік қолдау түрлері және концессия шарттарын жасасу, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу айқындалды.

2007 жылғы 11 қаңтарда 52 баптан тұратын, ал ескіде 26 баптан тұрған «Лицензиялау туралы» ҚР жаңа Заңы қабылданды. Жаңа заңда алғаш рет түсіндіру аппараты қарастырылған, ҚР Үкіметі мен уәкілетті органдардың құзыреті

жазылған, лицензиялаудың электрондық жүйесі енгізілген, сондай-ақ лицензиялау салалары анықталған.

Тауар биржаларының қызметі және биржалық сауданы жүзеге асыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу саласындағы нормативтік базаны жетілдіру мақсатында 2009 жылдың 4 мамырында, осы күнге дейін әрекет ететін «Тауар биржалары туралы» ҚР Заңы қабылданды. Ол тауар биржаларының ашық және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, биржалық саудаға қатысушылардың құқықтарын қорғау және олардың арасындағы адал бәсекелестік үшін тауар биржаларының қызметін реттеу және мемлекеттік бақылау тәртібін белгілейді. [11]

2009 жылы қабылданған 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы Қазақстандағы кәсіпкерліктің құқықтық реттелуін дамытудың төртінші кезеңінің басталуына айналды. Тұжырымдамада жеке бөлімше кәсіпкерлік қызмет саласындағы заңнаманы дамыту мәселелеріне арналған.

Тұжырымдамаға сәйкес кәсіпкерліктің экономикалық өсуі мен дамуы елдегі тиісті заңнаманың қалыптасуына алып келді. Ол қарқынды дамып келетін, бірақ өзінің табиғаты бойынша біркелкі емес жүйелі экономикалық реформалардың құқықтық іргетасына айналды.

Сонымен қатар, қазіргі кезде кәсіпкерлік қызметті заңнамалық реттеуде, сондай-ақ бизнес үшін экономика саласындағы заңдардың қолданылуын барынша жеңілдетуде және қол жеткізуде алуандық пен жүйесіздікті жою қажеттігі туындады. [12]

2012 жылы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР бірыңғай Заңын жаңа қағидаттарда әзірлеуді және бизнес үшін барлық рұқсат беру рәсімдерін автоматтандыруды аяқтауды көздейтін рұқсат беру жүйесін одан әрі реформалаудың 2012-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды.

Осы Тұжырымдаманы әзірлеудің алдында Президенттің 2011 және 2012 жылдардағы тапсырмаларына сәйкес жүргізілген рұқсаттарды 30%-дан қысқартудың екі кезеңі болды. Әзірленген

Тұжырымдамада барлық алдыңғы тәжірибе ескерілді.

Осы кезеңде кәсіпкерлік мәселелерін реттейтін маңызды құқықтық актілердің бірі – 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңы болып табылады. Заң 800-ден астам рұқсаттар мен лицензияларды (барлығы 1115 болды, қалғаны – 315) немесе 72% қысқартуға мүмкіндік берді.

2013 жылғы 4 шілдеде «Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР Заңы қабылданды. Оның мақсаты Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін институционалдық негізді қалыптастыру болып табылады.

2013 жылғы қарашада Ұлттық палатаның кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қамтамасыз ету және қорғау, сондай-ақ елдегі бизнестің проблемалық мәселелерін бұқаралық жария ету мәселелері бойынша міндеттерін жедел және жүйелі шешу мақсатында Ұлттық палата кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңесі құрылды.

ҚР Бас прокуратурасының бастамасы бойынша кәсіпкерлерді заңсыз тексеріс жүргізу үшін жауапкершілік күшейтілді.

Сонымен, 2014 жылғы 29 желтоқсанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (қазіргі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.01.2015 ж.) ҚР Заңына толықтырулар енгізілді, сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын бұзушылықтарды қарастыратын бап қосымша тармақпен толықтырылды, оған сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары болып табылады.

Мысалы, оларға: тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы; тексерілетін субъектіге тексеруді тағайындау туралы актіні ұсынбау; тексеруді тағайындау туралы актіні құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарында тіркеу міндетті болған жағдайда тіркеусіз жүргізу және т.б. жатады.

Бұл норма бақылау-қадағалау органдары лауазымды адамдарының тексеру



жүргізу тәртібін өрескел бұзуын болдырмайтын елеулі тежеуші фактор болды.

2014 жылдың 4 шілдесіндегі ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 122-бабының 2-тармағында қылмыстық қудалау органын бір тәулік ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметінде тексеру немесе тексеру жүргізу туралы бақылау-қадағалау органдарына талап жіберуге қатысты қабылданған шешімі туралы прокурорды хабардар етуге міндеттейтіндігі қарастырылған.

Бұл шара прокурорға қабылданған шешімнің заңдылығы мен негізділігін уақытылы тексеруге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті кәсіпкерге көмек ретінде «Бизнес тірегі – Опора бизнеса» жобасын іске қосты. Бұл жоба тексеруді тіркеудің дұрыстығын қадағалауға, оның негіздері, тақырыбы және тексерушілердің құрамы туралы ақпарат алуға, сондай-ақ ол жол берілген бұзушылықтар туралы хабарлауға мүмкіндік береді.

Алайда, мемлекет, соның ішінде прокуратура тарапынан кәсіпкерлікті қолдау бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, бизнеске әкімшілік қысым әлі де елеулі болды. Прокурорлық тексерулердің қорытындылары кәсіпкерлер құқықтарының мемлекеттік органдармен, бұзылуының көптеген фактілерін анықтады. Мәселен, 2014 жылы прокуратура органдары кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылғандығы туралы 9669 фактілерді анықтады [13]. Олар заңсыз түрде әр түрлі тексерулер тағайындағандарды, кәсіпкерлерге жиі заңсыз алымдар салуды, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне негізсіз араласуды, олардың қызметіне нұқсан келтіретін жасанды кедергілер жасағандарды анықтаған.

Осыған байланысты, 2014 жылдың соңында Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында шағын және орта бизнесті, іскерлік белсенділікті қолдау, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтті. [14] Сондай-ақ, кәсіпкерлік заңнаманың

одан әрі дамуы туралы Құқықтық саясат тұжырымдамасы куәландырылды. Онда қазіргі кезде барлық жеке, соның ішінде кәсіпкерлік заңнама өзегі болып табылатын Азаматтық кодекс, қазіргі экономикадағы базалық құқықтық қатынастардың барлық алуан түрлілігін көрсете алмады, соның ішінде кәсіпкерлік саласындағы жария-құқықтық қатынастарды реттей алмады. Осылайша, кәсіпкерлік заңнама жаңаруға пісіп жетілді және 2016 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды. Аталған Кәсіпкерлік кодекстің қабылдануымен кәсіпкерлікті дамытудың соңғы, бесінші кезеңі басталады.

Кез келген кодексті қабылдау үшін алғы шарт ретінде үлкен нормашығармашылық және құқық қолдану тәжірибесі, оның мониторингі, жүйелі негізге қойылған талдауы мен бағалауы болуы тиіс. Құқық саласы кодификация деңгейіне дейін жетілуі тиіс. Кәсіпкерліктің экономикалық өсуі мен дамуы елде тиісті заңнаманың қалыптасуына алып келді Бұл айналасында кәсіпкерлікті реттеу мен оның жүйесін құратын орталық акт-кодекстің қажеттігін талап етеді. [12]

Кодекспен қатар, Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының нормаларын Кәсіпкерлік кодекске сәйкес келтіруге бағытталған ілеспе заң қабылданды. Нәтижесінде еліміздің 11 кодексі мен 99 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Азаматтық-құқықтық реттеу әдістері кәсіпкерлік саласындағы заңнаманың кешенді дамуына ықпал ете алмаған кезде Кәсіпкерлік кодекс қажетті құрал болды.

Кәсіпкерлік кодекс бұрын қолданыста болған «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Шаруа және фермер қожалығы туралы», «Инвестициялар туралы», «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы», «Бәсекелестік туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» заңдарды біріктіреді.

Кәсіпкерлік кодексте экономикалық бәсекелестік, рұқсаттар мен хабарламалар, техникалық реттеу, бағаларды мемлекеттік реттеу, міндетті сақтандыру, мемлекеттік бақылау және қадағалау сияқты кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің

нысандары мен құралдары жүйелендіріледі.

Кодекске «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңы топтастырылған. Аталған заң жеке және заңды тұлғалар сияқты тексерілетін субъектілерге, сонымен қатар мемлекеттік органдарға, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне қолданылады, онда тексерілетін субъектілердің санаттары бойынша ережелер сақталған (132-баптың 1-тармағы).

Кодексте кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-әрекет қағидалары жүйелендірілген және бекітілген. Заңдылық, субъектілердің теңдігі сияқты қағидалардың кейбірі жалпы құқықтық мәнге ие, бірақ кодексте кәсіпкерлік призмасы арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік кодексінің қабылдануымен кәсіпкерлік құқықтық институт және әлеуметтік құбылыс ретінде, сонымен қатар қарым-қатынас субъектісі ретінде жоғары деңгейге көтеріліп, мемлекеттің тең құқылы серіктесі ретінде айқындалған. [15]

2017 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) түзетулер енгізіліп, 157 құрам бойынша айыппұл мөлшері орташа есеппен 30%-ға төмендеді.

Қысқартылған өндіріс институты заңды тұлғаларға кең таралған, заңды тұлғаларға 300-ден астам бап бойынша айыппұлды 7 күн ішінде 50% жеңілдікпен төлеу мүмкіндігі қарастырылды.

Ескертуді қолдану институты кеңейтілді. Құқық бұзушылықтың маңызы аз болған кезде жауапкершіліктен босату институты енгізілді. 18 құрамда жаза жеңілдетілді және әкімшілік жазаның мынадай түрлері: рұқсаттың, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, лицензиядан айыру, пайыздық айыппұл салу және т.б. алынып тасталды.

Қаржы саласында жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқарды. Бұзушылықтар жойылған кезде лицензияның/рұқсаттың қолданылуын мерзімінен бұрын жаңарту мүмкіндігі көзделген.

Қазақстан Республикасының Кедендік реттеу мәселелері бойынша 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Заңымен ӘҚБтК

551-бабының 2-бөлігінің санкциясынан тәркілеуді қолдану алынып тасталды (тауарларды декларацияламау немесе дұрыс емес кедендік декларациялау).

2017 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түзетулер енгізілді. Бас прокуратура мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша санкцияларды төмендету туралы бірлескен ұсыныстары ескерілді. Атап айтқанда, 215-бап «жалған кәсіпкерлік» алынып тасталды, 6-бапқа егер әрекет алғаш рет жасалса және залал ерікті түрде өтелген болса, жауапкершіліктен босату туралы ескертпелер енгізілді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды тіркеу рәсімдеріне өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде экономика саласындағы қылмыстық істерді тіркеу 5 есеге қысқарды (2015 жылы 8170 істен 2017 жылы 1618-ге дейін). [13]

Мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мақсатында екі салада (бағалау қызметі және заң көмегін көрсету бойынша) ҚР «Бағалау қызметі туралы» (2018 жылғы 10 қаңтар) және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» (2018 жылғы 5 шілде) заңдары қолданысқа енгізілді. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқасының даму мәселелері жөніндегі комитеті құрылды, 5 өзін-өзі реттеу ұйымы аккредиттелді.

2018 жылғы 24 мамырда кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша заңға қол қойылды. Нәтижесінде мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесі түбегейлі қайта қаралды.

Профилактикалық бақылау енгізілді, тексеру мерзімі 30-дан 15 жұмыс күніне дейін, жоспардан тыс тексерулер үшін 30-дан 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Мемлекеттік органдардың (540-тан) қадағалауындағы қайталанатын және тәуекелмен байланысты емес 114, 108 бақылау және қадағалау функцияларының 20 саласы алынып тасталды. Кәсіпкерлік субъектілерін тексеру бойынша 30 497 талаптардың 17 154 (немесе 58%-ға) қысқартылды. Тексерулердің өздері 30%-ға азайды.





2019 жылдың 2 сәуірінде бизнес ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды. Заң пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесін төмендетуге, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының қатысушылары арасында өнімді сату кезінде айналымдардың қосылған құн салығынан босатуға, «Виртуалды қойма» модулін және «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесін енгізуге, электрондық сауданы дамытуға, тауар биржалары мен т. б. жетілдіруге бағытталған.

Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қорғауға бағытталған, Қазақстан Республикасындағы ауқымды мемлекеттік-құқықтық саясатын атап өткен жөн. Бірақ кәсіпкерлер құқықтарының бұзылу фактілері мемлекетке кәсіпкерлік институтты қорғау бойынша одан да басым бағыттарды анықтау үшін жауапкершілік жүктейді.

Осылайша, заманауи кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуы бес кезеңді қамтиды.

Бірінші кезеңде кәсіпкерлік субъектілер қызметінің құқықтық негізі құрылды. Құқықтық актілер кәсіпкерлік қызметтің жалпы мәселелерін реттейді, заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлік түрлерін ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын анықтайды, сондай-ақ елдің қаржылық жүйесін белгілейді. Екінші кезең жеке кәсіпкерлер мәртебесінің артуымен, кәсіпкерлікті және тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаумен, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекелестік институтын құрумен сипатталады. Осы кезеңде кәсіпкерлік қызметтің жаңа түрлері (сақтандыру, бағалау, үлестік қатысу және т.б.) пайда болды.

Үшінші кезең жеке кәсіпкерлікті қолдауға, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуға бағытталған, кәсіпкерлік қызметті лицензиялау рәсімі

жетілдірілді. Қазақстанның тауар нарықтарында адал бәсекелестік үшін қолайлы жағдайлар жасау және қолдау шаралары заң жүзінде айқындалған.

Төртінші кезең Қазақстан Республикасының 2010 – 2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын қабылдаудан басталады. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі бизнес үшін экономикалық саладағы заңдарды қолданудың барынша жеңілдігі мен қолжетімділігі болып табылады. Еліміздің Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылды. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік институты одан әрі дамуда, елдің рұқсат беру жүйесін реформалау жүзеге асырылуда, сондай-ақ кәсіпкерлерді заңсыз тексергені үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі күшейтілуде. «Бизнес тірегі – Опора бизнеса» жобасы іске қосылды.

Бесінші кезең ҚР Кәсіпкерлік кодексінің қабылдануынан басталады. Жеке кәсіпкерлік субъектілері нормашығармашылыққа қатысты, кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыру жүзеге асырылды, кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің қатысуы шектелді, өзін-өзі реттеу институты жұмыс жасады.

Кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекет қабылдаған заңнамалық шараларға қарамастан, кәсіпкерлік қызмет саласындағы бұзушылықтарға, оның ішінде бизнеске әкімшілік қысым жасау әлі де айтарлықтай деңгейде болып отыр, бұл кәсіпкерлік институтын одан әрі жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызметті дамытудың келесі алтыншы кезеңі бизнес-ортаны жақсартуға, әкімшілік-деликтік және қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге, мемлекеттік бақылау мен қадағалау шараларын жетілдіруге, бәсекелестікті дамыту мен қорғауға, сондай-ақ құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға бағытталуы тиіс.

#### Пайдаланылған ақпараттар көздерінің тізімі:

1. Cantillon R. An Essay on Economic Theory. – Access mode: [https://cdn.mises.org/An%20Essay%20on%20Economic%20Theory\\_2.pdf](https://cdn.mises.org/An%20Essay%20on%20Economic%20Theory_2.pdf). Access Date: 31.01.2020.
2. Say J.-B. A Treatise on Political Economy // Augustus M. Kelley. Publishers. – New York. – 1971. – P.58.

3. Universal Declaration of Human Rights. – Access mode: <https://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/>. Access Date: 12.02.2020.
4. United Nations Convention on Contracts for the International Sale of Goods. – Access mode: <https://www.uncitral.org/pdf/english/texts/sales/cisg/V1056997-CISG-e-book.pdf>. Access Date: 12.02.2020.
5. Convention on the Settlement of Investment Disputes Between States and Nationals of Other States – International Centre for Settlement Of Investment Disputes, Washington 1965. – Access mode: <https://www.jus.uio.no/Im/icsid.settlement.of.disputes.between.states.and.nationals.of.other.states.convention.washington.1965/>. Access Date: 10.02.2020.
6. Худяков А., Давыдова Л. Предпринимательство и право: Сборник НПА. – Алматы: Жеті жарғы, 1999. – С. 3-4.
7. Мороз С.П. Предпринимательское (хозяйственное) право: Учебник. – 2-е изд., перераб. и доп. Алматы: Издательство «Бастау», 2010. – С. 11-23.
8. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы ҚР Заңы // ИПС «Әділет». – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>. Шағым беру күні: 31.01.2020.
9. «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 19 маусымдағы ҚР Заңы // ИПС «Әділет». – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>. Шағым беру күні: 31.01.2020.
10. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» 1997 жылғы 28 ақпандағы ҚР Заңы // ИПС «Әділет». – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>. Шағым беру күні: 31.01.2020.
11. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы ҚР Заңы // ИПС «Әділет». – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>. Шағым беру күні: 31.01.2020.
12. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // АҚЖ «Әділет». – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/>. Шағым беру күні: 31.01.2020.
13. Құқықтық статистика. – Кіру режимі: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>. Дата обра Шағым беру күні щения: 25.01.2020.
14. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 11 қараша. – Кіру режимі: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K14002014\\_2](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K14002014_2). Шағым беру күні: 25.01.2020.
15. Абдрахманова С.Ж. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан как акт публично-правового регулирования [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.zakon.kz>. Дата обращения: 22.01.2020.

#### References:

1. Cantillon R. An Essay on Economic Theory. – Access mode: [https://cdn.mises.org/An%20Essay%20on%20Economic%20Theory\\_2.pdf](https://cdn.mises.org/An%20Essay%20on%20Economic%20Theory_2.pdf). Access Date: 31.01.2020.
2. Say J.-B. A Treatise on Political Economy // Augustus M. Kelley. Publishers. – New York. – 1971. – P.58.
3. Universal Declaration of Human Rights. – Access mode: <https://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/>. Access Date: 12.02.2020.
4. United Nations Convention on Contracts for the International Sale of Goods. – Access mode: <https://www.uncitral.org/pdf/english/texts/sales/cisg/V1056997-CISG-e-book.pdf>. Access Date: 12.02.2020.
5. Convention on the Settlement of Investment Disputes Between States and Nationals of Other States – International Centre for Settlement Of Investment Disputes, Washington 1965. – Access mode: <https://www.jus.uio.no/Im/icsid.settlement.of.disputes.between.states.and.nationals.of.other.states.convention.washington.1965/>. Access Date: 10.02.2020.
6. Hudyakov A., Davydova L. Predprinimatel'stvo i pravo: Sbornik NPA. – Almaty: ZHeti zharfy, 1999. – С. 3-4.
7. Moroz S.P. Predprinimatel'skoe (hozyajstvennoe) pravo: Uchebnik. – 2-e izd., pererab. i dop. Almaty: Izdatel'stvo «Bastau», 2010. – С. 11-23.
8. «ZHeke kәsipkerlik turaly» 1997 zhylyfy 19 mausymdary QR Zaңy // IPS «Әділет». – Kiru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/>. SHaғym beru kyни: 31.01.2020.
9. «SHaғym kәsipkerlikti memlekettik qoldau turaly» 1997 zhylyfy 19 mausymdary QR Zaңy // IPS «Әділет». – Kiru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/>. SHaғym beru kyни: 31.01.2020.
10. «Tikelej investiciyalardy memlekettik qoldau turaly» 1997 zhylyfy 28 aқpandary QR Zaңy // IPS «Әділет». – Kiru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/>. SHaғym beru kyни: 31.01.2020.
11. «Taur birzhalary turaly» 2009 zhylyfy 4 mamyrdary QR Zaңy // IPS «Әділет». – Kiru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/>. SHaғym beru kyни: 31.01.2020.



12. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // АҚЗН «Әділет». – Кіру режими: <http://adilet.zan.kz/>. Шығым беру күні: 31.01.2020.

13. Құқықтық статистика. – Кіру режими: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>. Data obra Шығым беру күні shcheniya: 25.01.2020.

14. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 11 қараша. – Кіру режими: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K14002014\\_2](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K14002014_2). Шығым беру күні: 25.01.2020.

15. Abdrahmanova S.ZH. Predprinimatel'skij kodeks Respubliki Kazahstan kak akt publichno-pravovogo regulirovaniya [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <http://www.zakon.kz>. Data obrashcheniya: 22.01.2020.